

# СУРЕТШІ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

## ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВКЕ 100 ЖЫЛ



Біз ерекше сезіммен бір нәрсені бастаушы сәтте, негіздеуші адамдар туралы әңгімелейміз. Бізді шығармашылыққа құмар, ерекше адамдар тартады. Мұның бәрі мен әңгімелейін деп отырған адамға да байланысты. Әбілхан Қастеев республикамыздың халық суретшісі ҚССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақтың көркем сурет өнерінің негізін қалаушы.

Бұл адамның өмір тарихы өте қызық. Әбілхан кедей малшының отбасында туылған, әкесінен ерте айырылып талай қиыншылықтарды бастан кешкен. Байдың малын баққан оның суретке құмарлығы бала кезінен-ақ басталып жалпақ тастардың бетіне, қағаз қиындықтарына алғашқы суреттерін салған. Оның мағыналы, дарынды суреттерін шекара қорғанысының командирі көрген. Баланың бойында суретшілік дарын бар екенін байқаған ол Алматыда болған кезде Қазақстан суретшілер Одағына барып, өзі білетін суретші бала жайлы әңгімелейді. Ә. Қастеев 22 жасында өз ауылынан кетті. Ең болмаса бастауыш сыныпты да

бітірмегендіктен қарапайым жұмысшы болып орналасты, бос уақытында сурет салумен

айналысты. 1929 жылы 25 жасар Ә.Қастеев Алматы қаласына оқуға жіберіледі. Сөйтіп Н.Г.Хлудовтың суретшілер студиясына қабылданады. Талантты жас екі рет Мәскеу қаласына да оқуға жіберіледі. Бірақ көптеген тұрмыс қиындықтары кедергі болып Астанада оқи алмағанына қатты ренжіп қайғырады. Тумысынан өте дарынды және еңбекқор Ә.Қастеев Алматы қаласында суретші болып, жарқылдап еңбек етті. Өкінішке орай оның алғашқы туындыларының көбісі сақталмаған. Ол алғашқыда акварель бояуларымен сурет салатын еді. Ә.Қастеев портрет салудың



тамаша шебері болды, сонымен қоса тарихи мағынасы бар суреттер салуға көбірек көңіл бөлді.

1937 жылы суретшілер Одағының қатарына қабылданады. 1942 жылы өзінің алғашқы жеке көрмесі ашылады. Осындай көрмелердің жетеуі жарық көрді. Оның ішінде екеуі Ә.Қастеев дүние салғаннан кейін ұйымдастырылған.

1956-1960 жылдары Ә.Қастеев «Қазақстан жерінде» деген акварельмен жазылған суреттер болады. Солардың ішінде теміртаулықтарға өте жақын біздің қаламызға арнап жазған суреті де бар. Ол сурет «Теміртаудағы бөгет» деп аталады. Алдыңғы жағында бөгет, ал алыстан металлургиялық завод және Самарқан су қоймасының көгілдір айдыны көрінеді. Бізге өте жақын және танымал жерлер. Сонда атақты адамның ой дүниесінде біздің де болғанымыз ғой. Өйткені, бұл сурет оның шығармашылығының маңызды бір бөлігі десек те болады.

Өзінің өмірінде Ә.Қастеев көптеген суреттер салды. Оның өнері бір сәтте тоқтамады. Адам таң қаларлықтай еңбекқор еді. Қазір оның жұмыстары өзінің атымен аталған өнер мұражайында сақтаулы. Бұл жерлерде Қазақстан суретшілерінің көрмелері өткізіліп тұрады. Осында Теміртаулық суретші Александр Иванович Болуох көрме өткізді. Биыл еліміз дарынды суретшінің туғанына 100 жыл толуын атап өтеді. Сол өткізілетін мерекеге біз де қатыссақ дейміз. Біздің мұражайда көрме залы бар 6 жылдың ішінде көптеген көрмелер қойылды. Біздің арманымыз Ә.Қастеевтің суреттерін теміртаулықтар да тамашалай алатын сурет көрмесі бізде де ашылса екен.

**С. ТРЕЩОВА**  
**Мұражайдың бас маманы**